


Төлем және есеп айырысу жүйелері жөніндегі комитет



Қазақстандағы төлем жүйелері

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және
ондықтар тобы елдерінің орталық банктерінің
Төлем және есеп айырысу жөніндегі комитеті
дайындаған

Қараша, 2003



BANK FOR INTERNATIONAL SETTLEMENTS

Copies of publications are available from:

Bank for International Settlements
Press & Communications
CH-4002 Basel, Switzerland

E-mail: publications@bis.org

Fax: +41 61 280 9100 and +41 61 280 8100

This publication is available on the BIS website (www.bis.org).

© *Bank for International Settlements 2003. All rights reserved. Brief excerpts may be reproduced or translated provided the source is cited.*

ISBN 92-9131-660-1 (print)

ISBN 92-9197-660-1 (online)

Алғысөз

Ондықтар тобы елдерінің орталық банктерінің Төлем және есеп айырысу жөніндегі комитеті (G10) (бұдан әрі - Комитет) Халықаралық есеп айырысу банкінің қамқорлығымен кезең-кезеңмен әр түрлі мемлекеттерде төлем жүйесі туралы көпшілікке белгілі «Қызыл кітап» сияқты анықтамалықтар шығарады. Комитет бірқатар мемлекеттердің орталық банктеріне Халықаралық есеп айырысу банкінің жанындағы Хатшылықпен ынтымақтастықта маңызды өзгерістер болып тұратын төлем жүйесі туралы жеке кітаптар шығару туралы ұсыныс жасады. Осы Кітап – Қазақстан Қызыл кітабының бірінші шығарылымы - әр түрлі мемлекеттердегі төлем жүйесінің жұмыс істеу тәсілдерін түсінуге арналған алғашқы қадам болып табылады.

Төлем жүйесі тұтастай алғанда мемлекеттің қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттырады, экономикадағы операциялардың құнын төмендетеді, қаржы ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, қаржы рыноктарының өтімділігін жақсартады және монетарлық саясатты жүргізуге ықпал етеді. Соңғы жылдары экономикалық тиімділікке және төлем жүйесінің қаржы тәуекелдерінің барлық түрлеріне жататын мәселелерге үлкен мән беріліп отыр.

Орталық банктер төлем жүйесіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және тиімділікті жетілдіруге мүдделі. Олар ішкі төлем жүйесін дамытуда негізгі рөл атқарады және көп жағдайда ірі төлемдер жүйесін басқарады. Кейбір орталық банктер тікелей өз елдерінде төлем және есеп айырысу тетіктерін қоғамдық түсіну, сондай-ақ осындай тетіктермен байланысты түрлі мәселелерде қоғамдық мәліметтілікті жақсартуға едәуір әсер етіп отыр.

Төлем жүйесіне коммерциялық мақсат үшін кәсіпорындар мен тұтынушылар пайдаланатын ақша аударудың бөлшек жүйесі ғана емес, сондай-ақ нарықтық экономика жағдайында ақша және кредит рыноктарын нығайтатын ақша аударудың ірі халықаралық жүйесі де кіреді. Бағалы қағаздар және онымен байланысты төлемдер бойынша есеп айырысу жүйесі де – қаржы жүйесінің негізгі элементі болып табылады.

Осы кітап елдің ішіндегі сияқты халықаралық көлемде де Қазақстан төлем жүйесі туралы жалпы көріністі білдіруге көмектеседі деген үміттенеміз.

Томмасо Падоа-Шиоппа, Төраға Төлем жүйесі және есеп айырысу жөніндегі комитет	Григорий Марченко, Төраға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
--	--

Мазмұны

Алғысөз.....	3
Аббревиатуралар тізімі.....	5
Кіріспе.....	6
1. Институциональдық аспект.....	7
1.1 Жалпы институциональдық құрылым.....	7
1.1.1 Құқықтық негіздер.....	7
1.1.2 Төлем қызметтерін көрсететін қаржы делдалдары.....	7
1.2 ҚРҰБ-нің рөлі.....	8
1.3 Басқа ұйымдардың рөлі.....	9
1.3.1 Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы	9
1.3.2 Қазақстан қор биржасы.....	9
1.3.3 Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі.....	10
2 Төлем құралдары.....	11
2.1 Қолма-қол төлемдер.....	11
2.2 Қолма-қол жасалмайтын төлемдер.....	11
2.2.1 Кредиттік аударымдар.....	11
2.2.2 Дебеттік аударымдар.....	11
2.2.3 Төлем карточкалары.....	12
2.2.4 Банкоматтар мен POS-терминалдар.....	12
2.3 Жаңа әзірлемелер.....	12
3 Банкаралық есеп айырысу жүйелері.....	12
3.1 Жалпы шолу.....	12
3.2 Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ).....	14
3.2.1 Жұмыс істеу тәртібі.....	14
3.2.2 Жүйенің қатысушылары.....	14
3.2.3 Трансакциялар түрлері.....	15
3.2.4 Жүйенің жұмыс істеуі	15
3.2.5 Жұмыс уақыты.....	16
3.2.6 Есеп айырысу рәсімі.....	17
3.2.7 Кредиттік тәуекелді және өтімділік тәуекелін басқару.....	17
3.2.8 Баға саясаты ..	18
3.2.9 Статистика.....	18
3.3 Бөлшек төлем жүйесі (БТЖ).....	18
3.3.1 Жүйенің қатысушылары.....	19
3.3.2 Жүйенің жұмыс істеуі.....	19
3.3.3 Есеп айырысу рәсімі.....	20
3.3.4 Тәуекелдерді басқару.....	20
4 Бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу жүйелері.....	20
4.1 Сауда-саттық.....	21
4.2 Клиринг.....	21
4.3 Есеп айырысу рәсімі.....	21
4.4 Орталық банктердің бағалы қағаздар инфрақұрылымын пайдалануы.....	22
Статистикалық таблицалар.....	24
Салыстырмалы кестелер.....	33

Аббревиатуралар тізімі

AFINEX	<i>Қаржы құралдарының Алматы биржасы</i>
RTGS	<i>Нақты уақыттағы жалпы есеп айырысулар (НУЖЕ)</i>
КФБ	<i>Қазақстан қор биржасы</i>
КЦМР	<i>Қазақстан халықаралық есеп айырысу орталығы</i>
МСПД	<i>Банкаралық ақша аудару жүйесі</i>
НБРК	<i>Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі</i>
НМСПК	<i>Төлем карточкаларының ұлттық халықаралық жүйесі</i>
СКП	<i>Ірі төлемдер жүйесі</i>
СОБС	<i>Банк хабарларын алмасу жүйесі</i>
СРП	<i>Бөлшек төлемдер жүйесі</i>
УПС	<i>ҚРҰБ-нің төлем жүйесін басқару</i>
ФАСТИ	<i>Ақпарат тасымалдаудың қаржылық автоматтандырылған жүйесі</i>
ЦДЦБ	<i>Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі</i>

Кіріспе

Төлем жүйесі елдің қаржы жүйесінің негізгі компоненті болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы өтпелі кезең басталған сәттен бері төлем жүйесінің дамуына баса назар аударуда.

Төлем жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар нәтижесінде қазіргі уақытта Қазақстанда екі негізгі төлем жүйесі жұмыс істейді. Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ) және Бөлшек төлемдер жүйесі (БТЖ).

БААЖ – нақты уақыт режимінде жалпы есеп айрысу жүйесі (бұдан әрі – RTGS) Қазақстанның Ұлттық Банкінде БААЖ пайдаланушыларының шоттарында ақша аударымдарын жүзеге асырады. БААЖ арқылы ірі және жоғары артықшылықты төлемдер жүзеге асырылады. Жүйе операциялық күн ішінде ұлттық валютада (теңгеде) пайдаланушыларға түпкіліктілікті қамтамасыз етеді.

БТЖ – ұсақ төлемдерге арналған клиринг жүйесі. Бұл – төлемдер жеке өңделетін, таза негіздегі есеп айырысудың көп жақты жүйесі, бұл ретте таза позициялар да есептеледі. Операциялық күннің соңында кіріс және шығыс төлемдерді ескере отырып, әрбір пайдаланушының таза позицияларын есептеу жүзеге асырылады, одан кейін есептеу қорытындылары бойынша ААБЖ-не ақша аударымдары жүзеге асырылады.

Ұлттық Банк (ҚҰБ) 1994 жылы төлем жүйесі реформасын жүргізуді бастады. Оның негізгі мақсаты банктер мен оның клиенттерінің арасында төлемдер жүргізуді тездету болып табылды.

1995 жылы ҚҰБ-нің құрамында Қазақстанда бірінші клиринг палатасы (Алматы клиринг палатасы) құрылды, ол жан-жақты клиринг әдісі бойынша жұмыс істеді. Сондай-ақ жергілікті клиринг палаталары жергілікті клирингті жүзеге асырды. Осы сатыға дейін барлық төлем тапсырмалары қағаз негізінде болған еді.

1996 жылы SWIFT-ке негізделген төлем жүйесі қатысушыларының арасында төлемдер бойынша ақпарат алмасу үшін электронды хабарлардың форматтары әзірленді және ендірілді. Осы жылы Алматы клиринг палатасы ҚРҰБ-нің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (ҚБЕО) болып қайта ұйымдастырылды. Ол БААЖ мен БТЖ-нің операторы болып табылады. 1996 жылғы тамызда КБАО базасында электронды төлем тапсырмаларын өңдейтін, жалпы негізде есеп айырысуды жүзеге асыратын және RTGS сипаты бар Ірі төлемдер жүйесі (ІТЖ) ендірілді..

Корреспонденттік шоттарды орталықтандыру Ұлттық Банкке банктің есеп айырысу функциясын жедел жүзеге асыруға, төлем жүйесін және тұтастай алғанда банк жүйесін бақылау функцияларының тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Соңғы жылдар ішінде Ұлттық Банк ТЖ жетілдіру жөнінде жұмыстар жүргізді. Қорытындысында, 2000 жылдың соңында ҚБЕО ІТЖ Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ) болып қайта құрылды.

Бөлшек төлемдер саласында қолма-қол ақша мен төлем тапсырмалары Қазақстандағы төлемнің кңінен тараған әдісі болып табылады. Чектер мен тікелей дебеттеу сияқты дебеттік төлем құралдары кеңінен қолданылады. Кредиттік және дебеттік карточкаларды қоса алғанда, төлем карточкалары саласы жоғары қарқынмен даму үстінде. .

Бағалы қағаздарды сатуға қатысты Қазақстан қор биржасы, сондай-ақ биржадан тыс рынок мынадай қаржы құралдарымен жұмыс істейді: шетел валюталары, мемлекеттік бағалы қағаздар, корпоративтік бағалы қағаздар, мерзімді келісім-шарттар. Есеп айырысулар: бағалы қағаздар «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» (БҚОД) ЖАҚ арқылы «төлемге қатысты

жеткізілім» (бұдан әрі – DVP) принципі бойынша (T+0 жағдайында мемлекеттік бағалы қағаздар, қалғандары T+3 жағдайында) ; шетел валютасынан теңгеге – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі биржадағы корреспонденттік шоттар арқылы, шетел валютасында – шетелдің корреспонденттік банктерде жүргізіледі. Бағалы қағаздармен операциялар бойынша түпкілікті есеп айырысу есеп айырысу күнінде БААЖ арқылы жүзеге асырылады.

1. Институционалдық аспект

1.1 Жалпы институционалдық құрылым

1.1.1 Құқықтық негіздер

Қазақстанда банк жүйесін реттейтін негізгі заң актілері «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заң және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заң болып табылады. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңға сәйкес Қазақстанда екі деңгейлі банк жүйесі бар. ҚРҰБ банк жүйесінің бірінші деңгейін, ал коммерциялық банктер екінші деңгейін білдіреді. ҚРҰБ орталық банк ретінде Қазақстан Республикасында төлемдер мен ақша аударуды жүзеге асырудың тәртібін, жүйесін және нысанын айқындайды, төлем жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заң және басқа заң актілері төлем жүйесі және бағалы қағаздар жөніндегі есеп айырысу жүйесінің қатысушылары болып табылатын екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейді.

Чектерді, вексельдерді, төлем карточкаларын, құжаттандырылған аккредитивтерді шығаруды және олардың айналысын, банк шотын тікелей дебеттеу тәртібін, банктік шот ашпай төлемдерді жүзеге асыруды реттейтін заң актілері мен ҚРҰБ-нің нормативтік құқықтық актілері әзірленді және тұрақты түрде жетілдірілуде.

Қазақстан Республикасында төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде пайда болған қатынастарды реттейтін негізгі заң актісі 1998 жылы 29 маусымдағы «Төлемдер және ақша аударымдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады.

Қолма-қол жасалмайтын төлемдерді және ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде төлем құжаттарын ресімдеу және пайдаланудың түрлері мен тәртібін, төлемдер мен ақша аударымдары қатысушыларының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігін «Қазақстан Республикасы аумағында қолма-қол жасалмайтын төлемдер мен ақша аударымдарының төлем құжаттарын пайдалану және жүзеге асыру ережесі» айқындайды.

Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығының қолма-қол жасалмайтын аударымдар бойынша қызметтерді ұсынуына байланысты қатынастарды реттеу үшін жүйені ұйымдастыру және жұмыс істеу тәртібін айқындайтын «Банкаралық ақша аудару жүйесінде ақша аудару тәртібі» және «Қазақстан Республикасында клирингті жүзеге асыру ережесі» әзірленді және бекітілді.

1.1.2 Төлем қызметтерін көрсететін қаржы делдалдары

Коммерциялық банктер

Төлем жүйесінің негізгі пайдаланушылары болып табылатын коммерциялық банктер Қазақстанда төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізеді. Банктік заңдар мен басқа актілер жеке тұлғалар мен шаруашылық субъектілеріне төлем қызмет көрсетуді қоса алғанда, өз клиенттеріне қызметтердің кең спектрін көрсететін екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істеуін бақылайды, сондай-ақ банкаралық төлемдерді жүзеге асырады.

2002 жылдың соңында Қазақстанда елдің аумағында оның 368 филиалы бар 38 коммерциялық банк жұмыс істеді. Барлық коммерциялық банктер БААЖ пайдаланушылары болып табылады және олардың көбі (27) БТЖ қатысушылары болып табылады.

Банктік емес қаржы ұйымдары

Банктік емес қаржы ұйымдары төлем жүйесінің қатысушылары болып табылады және төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырады. Банктік емес қаржы ұйымдары халыққа, жеке кәсіпкерлерге, ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарушыларға оларды ұсына отырып, банк қызметтерінің алуан түрін ұсынады. Кейінгілердің қажеттілігін қанағаттандыра отырып, ең алдымен, кредиттеуді, оның ішінде жеңілдік шарттарымен (кредиттік серіктестіктер, ломбардтар, заем операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар және қаржы лизингі), сондай-ақ арнайы банктік қызмет көрсетуді жүзеге асырады. 2002 жылдың соңында 14 банктік емес қаржы ұйымдары БААЖ-нің және 5-еуі БТЖ-нің қатысушылары болып табылды.

Почта қызметі (Қазпочта)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Почта байланысының мемлекеттік кәсіпорындарын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» 1999 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысына сәйкес Почта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорны мемлекеттің 100% қатысуымен «Қазпочта» ашық акционерлік қоғамы болып қайта құрылды. 2002 жылдың соңында елдің аумағында «Қазпочта» ААҚ-ның 3572 почта бөлімі жұмыс істеді.

«Қазпочта» ААҚ-ның ҚҰБ-де корреспонденттік шоты бар және БААЖ мен БТЖ-нің қатысушысы болып табылады. Бұдан басқа, «Қазпочта» ААҚ бірқатар коммерциялық банктерден корреспонденттік шоттар ашты. Қазіргі уақытта «Қазпочта» ААҚ қаржы қызметтерінің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- ✓ Зейнетақы және жәрдемақы төлемдері.
- ✓ Коммуналдық төлемдерді қабылдау.
- ✓ Салым операциялары (жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау).
- ✓ Бөлшек аударымдар (жеке тұлғалардың дәстүрлі почта аударымдары, Western Union «тез аударымдары»).

1.2 ҚРҰБ-нің рөлі

1995 жылғы 30 наурызда «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заң қабылданды, оған сәйкес ҚРҰБ елдің орталық банкі болып табылады және ақша-кредит саясатының жұмыс істеуіне жауап береді. ҚРҰБ сонымен бірге Қазақстан Республикасында төлемдер мен ақша аударымдарының тәртібін, жүйесін және нысанын айқындайды, қазақстандық теңгемен банктер арасындағы ақша аударымдарын уақтылы және үздіксіз жүргізуді қамтамасыз ететін төлем жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастырады, олар пайдаланатын автоматтандырылған жүйенің сенімділігін, қауіпсіздігін және банктік ақпаратты қорғауды банктердің қамтамасыз етуі бойынша ең төменгі талаптарды белгілейді.

ҚРҰБ «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңына сәйкес Қазақстанда банкноттар мен монеталарды шығаратын жалғыз эмитент болып табылады. Орталық аппарат Алматы қаласында орналасқан, елдің аумағы бойынша 16 аймақтық филиалы және Алматы қаласында 2 филиалы бар.

Қазақстанда ҚРҰБ-нің Қазақстан Республикасының төлем жүйесін реттеудегі рөлі «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңында айқындалған. Сонымен, Заңның 48-бабына сәйкес Ұлттық Банк төлем жүйесін ұйымдастырады, үйлестіреді және (немесе) жұмыс істеуін реттейді:

- 1) төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырудың ережесін және қолдану тәсілдерінің ерекшеліктерін, төлем нұсқауларының мазмұнына негізгі талаптарды;
- 2) қолма-қол ақшаны пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарын белгілейді.

Бұдан басқа, осы Заңның 8-бабында Ұлттық Банк барлық банктердің және олардың клиенттерінің орындауы үшін міндетті төлемдер мен ақша аударымдары мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер шығарады. Тұрақты төлем жүйесінің принциптерін сақтауды қамтамасыз етуге арналған маңызды құрал екінші деңгейдегі банктерді үнемі тексеру болып табылады. Осы процестің барысында Ұлттық Банк және қадағалау функциясы берілген басқа мемлекеттік органдар жекелеген банктердің жұмысының қаншалықты сенімді және тұрақты болып табылатынын тексереді.

ҚРҰБ төлем жүйесінің операторы болып табылатын ҚБЕО-мен бірлесіп БААЖ және БТЖ басқарады. Осы жүйелердің құқықтық негізі ҚБЕО мен төлем жүйесі қатысушыларының арасындағы келісімдермен қамтамасыз етілген. Кез келген банк немесе ҚРҰБ-де корреспонденттік шоты бар банктік емес ұйым төлем жүйесінің пайдаланушысы бола алады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңға сәйкес ҚРҰБ бағалы қағаздармен операциялар бойынша есеп айырысуларды қоса алғанда, бағалы қағаздар рыногына қадағалауды жүзеге асырады..

1.3 Басқа ұйымдардың рөлі

1.3.1 Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы

Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (ҚБЕО) төлем жүйесінің операторы болып табылады, оның құрамына банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ), бөлшек төлемдер жүйесі (БТЖ) енеді. ҚБЕО-ның қызметін ҚРҰБ реттейді.

ҚБЕО пайда таппайтын ұйым болып табылады және төлем жүйесінің тиімді және тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында 1996 жылы Алматы клиринг палатасын қайта ұйымдастыру арқылы құрылды..

ҚБЕО мынадай қызметтердің түрлерін көрсетеді:

- БААЖ-не ақша аудару;
- банкаралық клиринг;
- ФАСТИ арқылы файл алмасу (Ақпарат тасымалдаудың қаржылық автоматтандырылған жүйесі));
- СОБС арқылы ақпарат алмасу.

ҚБЕО сондай-ақ VISA (KAZNNS) жергілікті трансакцияларының клирингі үшін есептеу агенті ретінде қызмет істейді. Төлем карточкалары бойынша трансакцияларды есептеу екі кезеңде жүзеге асырылады: біріншіден, Лондондағы VISA-ның офисі халықаралық трансакциялардан теңгедегі «жергілікті» трансакцияларды бөлу мақсатында трансакцияларды іріктейді. Теңгедегі жергілікті трансакцияларға қатысты VISA қатысушы банктердің таза позицияларын есептейді (Қазақстаннан тыс жерлерде шоттары бар шетелдіктер жүргізген трансакциялар Қазақстаннан тыс жерлерде есептеледі). Екіншіден, теңгедегі таза позициялар ҚБЕО-на жіберіледі және есеп айырысу БААЖ арқылы жүзеге асырылады.

1.3.2 Қазақстан қор биржасы

«Қазақстан қор биржасы» жабық акционерлік қоғамы өзін-өзі реттейтін коммерциялық емес ұйым болып табылады. Алғашында 1993 жылғы қарашада Қазақстан банкаралық валюта биржасы ретінде құрылды, қор рыногын жабуға дейін қызметі кеңейгеннен кейін 1995 жылғы маусымда Қазақстан банкаралық валюталық-қор биржасына атын өзгертті. 1996 жылдың сәуірінде Қазақстан қор биржасы (ҚҚБ) болып аталды. Валюта рыногы 1997 жылы қыркүйекте Қаржы құралдарының Алматы биржасы (AFINEX) ҚҚБ құрамынан шықты және 1999 жылғы сәуірде ҚҚБ-мен қайта бірікті.

Қазақстан қор биржасы мынадай қаржы рыноктарымен жұмыс істейді: шетел валютасының рыногы, мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы, РЕПО рыногы, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар рыногы және мерзімді келісім-шарттардың рыногы. Сауда-саттықты өткізудің негізгі әдісі – үздіксіз қарсы аукцион әдісі (өтінімдерді енгізудің және өңдеудің электронды тәсілі). 2002 жылдың соңында биржа мүшелерінің жалпы саны ҚРҰБ мен «Қазпочта» ААҚ-н қоса алғанда 56 болды. Биржада сауданың бес санаты қолданылады. Осы санаттар шеңберінде биржаның әрбір мүшесі сауданың белгілі бір түрін жүзеге асыруға құқылы.

Санаты	Сауданың түрі	Мүшелер саны
К	Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық	45
Н	«Листингтік емес бағалы қағаздар» секторының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша сауда-саттық	19
Р	Биржаның ресми тізімінен мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша сауда-саттық	39
В	Шетел валюталары бойынша сауда-саттық	28
С	Мерзімді келісім-шарттар бойынша сауда-саттық	5

1.3.3 Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» ЖАҚ (БҚОД) 1997 жылы шілдеде арнайы ұйым ретінде құрылды. БҚОД –ның рөлі бағалы қағаздар иелерінің құқықтарын есепке алу және растау, бағалы қағаздарды дематериализациялауды жүзеге асыру болып табылады. БҚОД сондай-ақ бағалы қағаздарды сақтау мен есепке алуды, жасалатын мәмілелерге техникалық қызмет көрсетуді, сондай-ақ клиринг қызметін жүзеге асырады.

БҚОД функцияларына:

- ✓ қатысушылардың бағалы қағаздарды номиналдық ұстаушылары;
- ✓ кепілдік бере отырып қатысушылар арасында бағалы қағаздарды аудару (DVP принцип деп аталатын сатып алушыларға ақша қаражатын жеткізуге қатысты);
- ✓ қатысушылар мен олардың клиенттерінің бағалы қағаздарға құқықтарын белгілеу, осы құқықтар бойынша растамалар беру;
- ✓ бағалы қағаздарды дематериализациялау;
- ✓ сыйақы төлемдері жөніндегі төлем агенті кіреді..

2. Төлем құралдары

2.1 Қолма-қол төлемдер

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңға сәйкес, ҚРҰБ Қазақстандағы банкноттар мен монеталардың жалғыз эмитенті болып табылады. 2002 жылдың аяғында айналыста 167,1 млрд. теңге болды.

Банкноттар 100, 200, 500, 1000, 2000 және 5000 теңге номиналдарымен шығарылды. Айналыстағы банкноттардың *басым* бөлігі 5000 теңгелік банкноттар. Монеталар 1, 5, 10, 20, 50 және 100 теңге номиналдарымен шығарылды.

2002 жылдың аяғында айналыстағы банкноттар мен монеталардың нақтылы ЖІӨ-ге қатынасы 4,5% болды. Қолма-қол ақша М1 ақша агрегатының 58,2%-ін құрайды.

2.2 Қолма-қол жасалмайтын төлемдер

2.2.1 Кредиттік аударымдар

Төлем тапсырмалары Қазақстанда едәуір кең түрде пайдаланылатын төлем құралы болып табылады. Төлем тапсырмалары төлем жүйесіндегі қолма-қол жасалмайтын төлемдер үлесінің ең көп бөлігін алады және 2002 жылғы төлем құжаттарының саны бойынша 91% және сомасы бойынша 95% болды. Клиент төлем тапсырмасын көбінесе қағаз жазбада ұсынады. Төлемдерді интернет, телефон және мобильді телефон арқылы жүзеге асыру жеткілікті дамымаған.

2.2.2 Дебеттік аударымдар

Қазақстан Республикасында дебеттік аударымдар мынадай төлем құралдары пайдаланыла отырып жүргізіледі:

- ✓ Инкассольдық өкімдер. Ақша жіберушінің банктік шоттарынан заң актілерінде көзделген жағдайларда ақша жіберушінің рұқсатынсыз ақша алу үшін пайдаланылатын төлем құжаты инкассольдық өкім, сондай-ақ салық қызметі органдарының және кеден органдарының инкассольдық өкімі болып табылады. 2002 жылы инкассольдық өкімдер қолма-қол ақшасыз трансакциялардың жалпы санының 1,7%-і болды.
- ✓ Чек. Бұл бұйрықта көрсетілген ақша сомасын чек берушіге төлеу туралы олардың арасындағы шартқа негізделген чек берушінің алушы банкке жазбаша осындай бұйрығы бар төлем құжаты. Чектер 2002 жылғы қолма-қол ақшасыз операциялардың жалпы санының 1,7%-і болды.
- ✓ Төлем талап-тапсырмасы. Төлем талап-тапсырмасы деп бенефициардың жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыс, көрсетілген қызмет үшін ақы төлеу туралы көрсетілген талапты растайтын құжаттар негізінде ақша жіберушіге талабын айтады. 2002 жылы төлем талап-тапсырмасы қолма-қол ақшасыз трансакциялардың жалпы санының 0,6%-болады.
- ✓ Банктік шотты тікелей дебеттеу. Мұндай төлем ақша жіберуші мен оның банкі арасындағы шарт негізінде жүзеге асырылады, соған сәйкес ақша жіберуші жоғарыда көрсетілген шарттағы тиісті құжаттардың қосымшасымен бірге жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыс не көрсетілген қызмет үшін бенефициардың талаптары негізінде өзінің банктік шотынан ақша алуға келісім береді. Банктік шотты тікелей дебеттеу 2002 жылғы қолма-қол ақшасыз операциялардың жалпы санының 1,1% болды.

2.2.3 Төлем карточкалары

2002 жылы Alem Card, Altyn, Каспийский, Сити кард, Иртыш-card жергілікті жүйелердің төлем карточкалары шығарылып, қызмет көрсетілді. Жылдың аяғында осы карточкалардың 235,7 мың данасы айналыста болды. 2002 жылы жергілікті төлем карточкалары пайдаланыла отырып, сомасы 17,3 млрд. теңгеге 2,0 млн. транзакциялар жүзеге асырылды. Жергілікті жүйелердің карточкалары негізінен қолма-қол ақша алу үшін пайдаланылады. Жергілікті карточкалар транзакцияларының 0,2%-і ғана қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін пайдаланылды.

2002 жылы бірқатар ірі банктер Europay International, VISA International, American Express, Diners Club, Union Card және HSBC халықаралық жүйелердің төлем карточкаларын шығаруды жүзеге асырды. Жылдың аяғында осы карточкалардың 1260,2 мың данасы айналыста болды. 2002 жылы халықаралық жүйелердің төлем карточкаларын пайдалана отырып, 233,7 млрд. теңге сомасына 18,9 млн. транзакциялар жүзеге асырылды. Халықаралық карточкалар транзакцияларының 3,1%-і ғана қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін пайдаланылды.

Төлем карточкалары пайдаланылған транзакциялар, млн. теңге				
Транзакцияның түрі	Жергілікті жүйелердің карточкалары		Халықаралық жүйелердің карточкалары	
	2001	2002	2001	2002
Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу	122,1	39,0	5 766,2	9 550,1
Қолма-қол ақшаны беру	15 089,9	17 239,4	125 671,3	224 179,0

2.2.4 Банкоматтар және POS-терминалдары

Банкоматтарды 1997 жылы алғаш рет бірнеше коммерциялық банктер енгізді. 2002 жылдың аяғында Қазақстанда 702 банкомат жұмыс істеді, сонымен бірге банкоматтардың саны былтырғы жылмен салыстырғанда 30% өсті. 2002 жылдың аяғында 1 миллион тұрғындарға банкоматтар саны 47,1 бірліктен келді.

2002 жылдың аяғында Қазақстанда 5285 POS-терминал жұмыс істеді. POS-терминалдың саны 2002 жылдың аяғында 1 миллион тұрғынға 355 бірліктен болды. Барлық жергілікті және халықаралық карточкаларға дебет карточкасының қызметі берілді. POS-терминалдары пайдаланылатын транзакциялар саны едәуір өсуде. Банкоматтар мен POS-терминалдар арқылы транзакцияларға арналған 4 процессинг желілері жұмыс істейді.

2.3 Жаңа әзірлемелер

2000 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем карточкалары бойынша транзакцияларды жүзеге асыру үшін «Процессинг орталығы» ЖАҚ-ны құрды. Орталық қызметінің мақсаты бұрынғы төлем карточкаларының жүйесін бірыңғай төлем кеңістігіне біріктіру, төлем карточкаларына пайдаланып, транзакцияларды орталықтандырылған түрде өңдеу және бұдан кейін микропроцессорлық карточкалар негізінде төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін (ТКҰБЖ) құру болып табылады.

3. Банкаралық есеп айырысу жүйелері

3.1 Жалпы шолу

Қазақстанда банкаралық төлемдер мынадай жүйелер арқылы жүргізіледі:

- ✓ Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ);

✓ Бөлшек төлемдер жүйесі (БТЖ);

Бұл жүйелер Қазақстан Республикасында ақша аударымдары мен төлемдерін жүзеге асырудың негізгі механизмдері болып табылады. Қазақстан Банкаралық есеп айырысу Орталығының (ҚБЕО) Банкаралық ақша аудару жүйесі 1996 жылдан бері жұмыс істейді. Бұрын ол «Ірі төлемдер жүйесі» деп аталған және оның жұмыс істеу тәртібі бастапқыда «ҚБЕО-ның ірі төлемдер жүйесінде есеп айырысуды жүргізу ережесінде белгіленген болатын. Содан соң, ІТЖ БААЖ болып қайта құрылғаннан кейін жүйенің жұмыс істеу тәртібі «Банкаралық ақша аудару жүйесіндегі ақша аударымдары ережесінде» белгіленді.

БААЖ-дың мақсаты Қазақстан Ұлттық Банкінде БААЖ-ды пайдаланушылардың шоттарындағы сомалар шегінде пайдалана отырып, бір операциялық күн ішінде есеп айырысу кепілдігімен ұлттық валютадағы тұрақты және шартсыз төлемдерді орындаудан тұрады.

2002 жылыдың аяғында БААЖ-ды пайдаланушылар саны 72 болды, оның ішінде 38 екінші деңгейдегі банктер, 17 облыстық Қазынашылық басқармалары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Кастодиан-Банк (ҚҰБ -нің МОД), Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық, басқа да банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар бар.

БААЖ арқылы кредиттік сияқты дебеттік аударымдар да жүзеге асырылады. Жүйеде хабарламалар беру және қабылдау Ұлттық Банк белгілеген форматтарға сәйкес электрондық тәсілдермен жүзеге асырылады.

БТЖ – ұсақ төлемдерге арналған көпжақты клирингтік жүйе. БТЖ-нің ерекшелігі сол, төлемдер жеке өңделмейді. Төлем тапсырмалары бір операциялық күн ішінде ҚБЕО-ға жіберіледі. Операциялық күннің аяғында келіп түскен және жіберілген төлемдерге сәйкес көпжақты өзара есеп айырысу қорытындылары бойынша таза позицияларды есептеу жүргізіледі. Таза позицияларды есептеу БААЖ арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта ҚБЕО-ның жанындағы клиринг палатасы қатысушылардың өтімділікті басқаруына және төлемдердің үстеме ағындарын барынша пайдалануға мүмкіндік беретін американдық автоматтандырылған клиринг палатасының үлгісінде жұмыс істейді.

1999 жылғы тамызға дейін БТЖ-ға ҚҰБ жанындағы клиринг палаталарының және аз ғана сомаға банкаралық төлемдерді жүзеге асыратын ҚБЕО-ның жанындағы Алматы клиринг палатасының желісін қосты. Клиринг палаталарында тәуекелдерді басқарудың түрлі әдістері пайдаланылды, атап айтқанда, дебеттік және кредиттік шектеулер, кезектер жүйесі пайдаланылды. ҚҰБ-нің облыстық филиалдарындағы клиринг палаталарының жабылуына байланысты 1999 жылғы 1 тамыздан бастап жүйенің мұндай функциялары Алматы клиринг палатасына және жеке клиринг палаталарына (Солтүстік Қазақстан облысындағы «Тимей» ҚӨК ЖШС) берілді.

2002 жылдың аяғында ҚБЕО-ның клиринг палатасының пайдаланушылары 50, оның ішінде 27 екінші деңгейдегі банктер, 17 Қазынашылықтың облыстық басқармалары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Кастодиан банк (ҚҰБ-нің МОД), Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталық, «Қазпочта» ААҚ және басқа банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар бар. Сонымен бірге «Тимей» ҚӨК ЖШС-нің қатысушылары екінші деңгейдегі банктердің үш филиалы, бір облыстық қазынашылық басқарма және «Тимей» ҚӨК ЖШС-нің өзі болып табылады.

Қазақстанда чектермен операциялар клирингі бойынша қандай да бір жүйе жоқ. Банктер чектер бойынша есеп айырысуды өзара корреспонденттік шоттар арқылы жүзеге асырады.

3.2 Банкаралық ақша аудару жүйесі

Республика төлем жүйесінің даму кезеңдерінің бірі 2002 жылғы желтоқсанда ҚБЕО негізінде нақты уақыт режимінде (RTGS - нақты уақыт режимінде жалпы есеп айырысу жүйесі) жалпы есеп айырысуды жүзеге асыратын банкаралық ақша аудару жүйесінің (БААЖ) құрылуы болды.

БААЖ-дың мақсаты БААЖ-ды пайдаланушылардың Ұлттық Банктегі шоттарындағы ақшаны пайдалана отырып, сол сома шегінде бір операциялық күн ішінде есеп айырысу кепілдігімен ұлттық валютадағы тұрақты және шартсыз төлемдерді орындау болып табылады.

1996 жылдың аяғынан бастап жүйе ІТЖ ретінде (ірі төлемдер жүйесі) жұмыс істей бастады. ІТЖ-де ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін жүйе қатысушыларының корреспонденттік шоттары пайдаланылды. 2000 жылғы желтоқсаннан бастап жүйе БААЖ (банкаралық ақша аударымдар жүйесі) болып қайта құрылды. Қазіргі уақытта Ұлттық Банк пайдаланушының төлем тапсырмасы негізінде оның корреспонденттік шотынан ондағы қалдық сома шегінде жүйесінің арнайы шотына ақша аударуды жүзеге асырады. Есеп айырысу әрбір пайдаланушы шотының жүйесіндегі өтімділік пайдаланыла отырып бір күн ішінде түпкілікті жүргізіледі. ҚРҰБ операциялық күннің аяғында пайдаланушының жүйе шотынан пайдаланушының корреспонденттік шотына позиция сальдосы сомасында ақша аударылады. Осы тұрғыдан алғанда БААЖ-ды алдын ала төлем жасайтын жүйе ретінде сипаттауға болады. Корреспонденттік шоттан айырмашылығы - БААЖ шотындағы қаражатты ҚРҰБ оқшаулай алмайды.

3.2.1 Жұмыс істеу ережесі

Жүйені ұйымдастырудың және жұмыс істеуінің құқықтық негізін пайдаланушылар мен Ұлттық Банк, Ұлттық Банк пен Орталық, пайдаланушылар мен Орталық арасында жасалатын шарттар, сондай-ақ «Банкаралық ақша аударымдар жүйесіндегі ақша аударымдар ережесі» қамтамасыз етеді.

3.2.2 Жүйенің қатысушылары


2002 жылдың аяғында жүйеге 72 пайдаланушы енгізілген және жұмыс істейді. Жүйенің пайдаланушылары: Ұлттық Банк, Қаржы министрлігінің Қазынашылығы және оның филиалдары, Қазақстан қор биржасы, «Қазпочта» ААҚ, Бағалы қағаздар депозитарийі, бағалы қағаздар рыногына қатысушылар, МЗТО (Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталық), екінші деңгейдегі банктер, облыстық клиринг палаталары.

Мамандандырылған терминалдарды пайдалана отырып, қатысушылар төлем тапсырмаларын тікелей жүйеге жібереді. Төлем тапсырмалары БААЖ-ға электрондық түрде жіберілуге тиіс. SWIFT пайдаланыла отырып ҚБЕО белгілеген MT100 және MT102 сияқты форматтарда жіберіледі. ҚБЕО төлем жүйелерін пайдаланушыларға байланыс арналарының барлық түрлерін: коммутацияланатын, бөлек, Интернет, X.25, DialNet желілерін ұсынады және арналарды пайдаланушылардың өздері таңдайды.

Мұнда ҚРҰБ, ҚБЕО және басқа жүйені пайдаланушылар арасында жауапкершілікті бөлуге тура келеді. Мұндайда ҚРҰБ операциялық күннің соңында БААЖ-дағы пайдаланушылардың нетто есеп айырысуының ҚРҰБ бухгалтерлік кітабында көрсетілуіне жауап береді. ҚБЕО жүйені пайдаланушылардан қабылданған төлемдердің өңделуіне және бір пайдаланушыдан екіншісіне ақша аударуға жауап береді. Пайдаланушылар электрондық төлем құжаттарының дұрыс толтырылуына және шынайлығына жауап береді.

1-сурет

БААЖ құрылымы



3.2.3 Трансакциялардың түрлері

БААЖ арқылы кредиттік және дебеттік аударымдар жүзеге асырылады. Дебеттік аударымдар пайдаланушы-төлемшінің алдын ала келісімімен ғана және жазбаша келісім негізінде жүзеге асырылады. Бұл келісімнің көшірмесі пайдаланушының ҚБЕО-мен жасаған шартына қоса берілуге тиіс.

Бас банк пен оның филиалы арасындағы аударымдарға қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген негіздерде дебеттік аударымдар төлемшінің келісімінсіз орындалады. БААЖ-да төлем сомасына қандай да бір лимиттер болмайды. БААЖ негізінен банкаралық ақша рыногына, шетел валютасымен және бағалы қағаздармен операцияларға байланысты ірі төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылады. БААЖ бағалы қағаздармен операциялар бойынша DVP принципін жүзеге асыруға арналған Бағалы Қағаздардың Орталық Депозитарийінің есеп айырысу агенті ретінде жұмыс істейді (4.3-тарауды қараңыз).

3.2.4 Жүйенің жұмыс істеуі

Операциялық күн басталар алдында кестеде белгіленген мерзімде жүйедегі тәуекелдерді басқару үшін Ұлттық Банк пайдаланушының төлем тапсырмасы негізінде оның Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотынан ондағы қалдық сома шегінде Ұлттық Банктің арнайы шотына (жүйе шотына) ақша аударуды жүзеге асырады. Жүйенің шоты жүйедегі ақша аударымдарын орындау кезеңінде пайдаланушылардың ақшасын есепке алу үшін, сондай-ақ пайдаланушылардың корреспонденттік шоттарына жүйенің операциялық күнінде олардың арасындағы позициялар сальдосының сомасында ақша аудару үшін қызмет етеді. Ұлттық Банктің операциялық күні жабылғаннан кейін бұл шотта ақша қалдығы болмауға тиіс.

Банктердің орындалған төлем тапсырмалары негізінде Ұлттық Банктің бөлімшесі ҚБЕО-ға пайдаланушылардың өздері корреспонденттік шоттарынан Ұлттық Банктегі жүйенің шотына аударған ақша сомалары туралы ақпарат бар электрондық ведомості және олардың банктік бірегейлендіру кодтарын жібереді.

Операциялық күн ашылардың алдында пайдаланушының позициясы бойынша ақша сомасы төлем тапсырмасында көрсетілген сомаға тең болуға тиіс. Ұлттық Банк тәуекелдерді басқару

мақсатында ҚБЕО-ға кезекке тіркеуге болатын төлем тапсырмаларының ең көп рұқсат етілген сомасы туралы электрондық ведомості жібереді.

Жүйедегі ақша аудару пайдаланушының жүйе шотына аударған және оның басқа пайдаланушылардан қабылдаған ақша сомасы шегінде жүзеге асырылады. ҚБЕО операциялық күн ішінде ҚБЕО жүйесі позициясындағы қалдық сомасының пайдаланушылар жүйесі позициясындағы дебеттік және кредиттік қалдықтар сомасымен тең болуын тұрақты түрде бақылап отыруды жүзеге асырады.

Егер пайдаланушы жүйесінің шотындағы ақша төлемді жүзеге асыруға жетіліксіз болса, төлем тапсырмасы кезекке қойылады да, қаражат жеткілікті болғанға дейін уақытша өңделмейді. Кезектегі төлем тапсырмасы басымдылық кодтарына сәйкес өңделеді. БААЖ-да 100 басымдылық коды пайдаланылады; ең жоғарысы - «0» және ең төменгі басымдылық коды - «99». Сонымен бірге жүйені пайдаланушы басымдылық кодын өзі белгілейді.

Басымдылық кодтары шегінде кезектегі төлем тапсырмаларын орындау FIFO принципі бойынша жүргізіледі («алғашқы болып келді, алғашқы болып кетті»). Пайдаланушылар заңдарда белгіленген кезектілікті қоспағанда, төлем тапсырмаларын орындау кезектілігін белгілеуге құқылы. Пайдаланушы-төлемші кезектегі төлем тапсырмаларын кез келген сәтте қайтарып алуы мүмкін. Пайдаланушылар операциялық күні ішінде пайдаланушы позициясының жай-күйі туралы:

- ✓ төлем тапсырмаларының орындалуы туралы;
- ✓ пайдаланушының жүйедегі ақша қалдығы туралы;
- ✓ кезекке тіркелген төлем тапсырмалары жөнінде көшірме алады.

Пайдаланушы-ақша алушы төлем тапсырмасын алып, тексергеннен кейін және өзінің корреспонденттік шоттарына ақшаны қабылдағаннан кейін жүйенің операциялық күні ішінде, бірақ келесі операциялық күннен кешіктірмей өз клиенттерінің шоттарына ақша қабылдауды орындайды.

БААЖ-да «gridlock» жағдайына (өтімділіктің жетіспеуі себепті бірнеше пайдаланушының кезегін ашу) рұқсат ету пайдаланылады. ҚБЕО бір күн ішінде, сондай-ақ операциялық күннің аяғында жүйедегі пайдаланушылардың ақша қалдығын ескере отырып, кезектегі төлем тапсырмаларының өзара есептесуін орындайды. Мұндай функция өтімділіктің жеткілікті болуына байланысты өте сирек іске асырылады.

ҚБЕО операциялық күннің соңында Төлем жүйесі басқармасына (ТЖБ) барлық пайдаланушылар позицияларының сальдосы туралы электрондық ведомості береді. ТЖБ электрондық ведомості алғаннан кейін, олардағы сомалардың тең шығуын тексереді, деректерді салыстырып тексергеннен кейін позициялар сальдосы сомасындағы ақшаны пайдаланушының жүйе шотынан пайдаланушының корреспонденттік шотына аударады. Электрондық ведомостегі позициялар сальдосының және жүйе шоты сальдосының сомалары сәйкес келмеген жағдайда ҚБЕО мен ТЖБ сәйкес келмеушілікті жою жөнінде бірлескен шаралар қабылдайды. Операциялық күн аяқталғаннан кейін пайдаланушы ҚБЕО-дан орындалған төлем тапсырмаларының нәтижелері жөнінде көшірме алады.

3.2.5 Жұмыс сағаттары

Операциялық күн жұмыс күндері сағат 8-00-ден басталады, сағат 20-00-де аяқталады. Ерекше жағдайларда Ұлттық Банк операциялық күнді сағат 22-00-ге дейін ұзартуға құқылы.

3.2.6 Есептеу рәсімдері

Ақша аударымы ҚБЕО төлем тапсырмасын акцептегеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Пайдаланушылардың және ҚБЕО-ның құқықтары мен міндеттері сондай-ақ ҚБЕО төлем құжатын акцептеген кезден пайда болады. Электрондық төлем құжатын ҚБЕО акцептегеннен кейін, ол төлемді жүзеге асыруға қатысушы тараптардың бастамасы бойынша қайтарып алынбайды және өзгертілмейді.

ҚБЕО-ның төлем тапсырмасын акцептеу шарттары мыналар болып табылады:

1. түпнұсқаландырудан өту;
2. ақша аударымының бастамашысында пайдаланушының және пайдаланушы-алушы мәртебесінің болуы;
3. төлем құжатында көрсетілген соманы пайдаланушының позициясынан есептен шығарудың мүмкіндігі.

Барлық үш шарт қанағаттандырылған жағдайда, БААЖ төлем тапсырмасын өңдейді және ақша аударымын жүзеге асырады. Бұдан кейін БААЖ төлемшіге шоттың дебеттелгені туралы (MT900) және алушыға шоттың кредиттелгені туралы (MT910) хабарлайды.

1 немесе 2-тармақшалардың шарттары орындалмаған жағдайда төлем тапсырмасын жіберушіге себебін көрсете отырып, оның төлем тапсырмасының өндеуден бас тартылғаны туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

3-тармақшаның шарттары орындалмаған жағдайда, алайда 1 және 2-тармақшалардың шарттары сақталатын болса, төлем тапсырмасы пайдаланушы-төлемшіге жіберіледі.

Сонымен бірге, дебеттік аударым бойынша төлем тапсырмасын акцептеу шарттарының бірі пайдаланушы-төлемшінің алдын ала келісім жасауы болып табылады.

БААЖ-ға қатысушылардың шоттары бойынша бухгалтерлік жазбалар жасалғаннан кейін төлем түпкілікті және тұрақты болып саналады.

3.2.7 Кредиттік тәуекелді және өтімділік тәуекелін басқару

Ұлттық Банк тәуекелдерді басқару мақсатында ҚБЕО-ның ақпараты негізінде пайдаланушылар позициясының мониторингін жүзеге асырады. ҚБЕО бұл ақпаратты жүйенің операциялық күні ішінде электрондық тәсілмен ұсынады. Осы ақпаратта жүйедегі пайдаланушылар позицияларының, олардың позициялары бойынша дебеттік және кредиттік айналымдардың, позициялар сальдосының және кезекке тіркелген төлем тапсырмаларының жалпы сомасының ағымдағы жай-күйі туралы деректер болады.

Пайдаланушылардың БААЖ-дағы өтімділікті басқаруының үш тәсілі пайдаланылады.

Біріншіден, пайдаланушылар ҚРҰБ-дегі корреспонденттік шоттан БААЖ шотына қаражат аудару алады. Алайда, бұл тәсіл сирек пайдаланылады, өйткені көптеген пайдаланушылар өз қаражатының басым бөлігін БААЖ-дың операциялық күнінің бас кезінде аударды.

Екіншіден, пайдаланушылар қаражатты банкаралық ақша рыногынан алуы мүмкін.

Үшіншіден, пайдаланушылар қамтамасыз етіліп берілетін сияқты қамтамасыз етілмейтін ҚРҰБ кредиттерін пайдалана алады. ҚҰБ-нің төлем жүйесі басқармасы банктерге «овердрафт» және

«овернайт» кредиті бойынша лимиттер ҚРҰБ-нің белгілеген шегінде күн ішіндегі «овердрафт» кредиттерін береді. Егер банктер төмендегідей талаптарға сай келсе, олар овердрафт және овернайт кредиттерін алуға құқылы:

- ✓ Банк БААЖ пайдаланушысы болуға тиіс;
- ✓ Банк ҚРҰБ белгілеген пруденциалдық нормативтерді және басқа міндетті талаптар мен лимиттерді сақтауға тиіс;
- ✓ Банктің өз төлемдері бойынша және өз клиенттерінің төлемдері бойынша орындалмаған міндеттемелері болмауға тиіс;
- ✓ Банк ҚРҰБ-мен «овернайт» замын беру туралы Бас келісім және күндізгі «овердрафт» замын беру туралы Келісім жасауға тиіс.

Овердрафттың негізгі шарттары мыналар: кредит банкке белгіленген лимиттер шегінде беріледі; өтелу мерзімі операциялық күн ішінде, алайда сағ. 18:00-ден кешіктірмеу керек. Егер 18:00-ге дейін овердрафттың орны жабылмай қалса, овердрафттың құны тиісті шарттармен овернайт кредитіне айналдырылады. Көрсетілген овернайт кредиті келесі күні 15:00-де өтелуге тиіс (Т+1). Егер ҚРҰБ алдындағы міндеттемелер өтелмей қалып қойса, ҚРҰБ банктің ҚРҰБ-дегі шотын оқшаулауға және овернайт кредиті мен проценттер бойынша қажетті соманы ұстап қалуға құқылы.

Операциялық күнді жапқан кезде кезекте тұрған төлем тапсырмалары БААЖ-дағы пайдаланушының шотында өтімділіктің жетіспеуі себепті жойылады, мұндайда пайдаланушыға хабарлама жіберіледі.

3.2.8 Баға саясаты

БААЖ-дағы қызмет көрсету бағасы трансакциялар өткізу уақытына байланысты және төлемдерді өткізудің тиімді процесіне арналған механизмді ынталандыру ретінде пайдаланылады.

Төлемнің түсу уақыты	Құны теңгемен
С 08.00 до 13.00	57
С 13.00 до 20.00	114
С 20.00	740

3.2.9 Статистика

2002 жылы БААЖ-дағы төлемдердің орташа айлық саны 268 060 болды. БААЖ-дағы төлемдердің орташа күндік саны мен сомасы тиісінше 12 765 және 58,7 млрд. теңге болды. Бес ірі қатысушы үлесінің саны және сомасы тиісінше 38% және 53% болды.

3.3 Бөлшек төлемдер жүйесі (БТЖ)

Бөлшек төлемдер жүйесі (БТЖ) клирингтік есеп айырысу жүйесі болып табылады. Қазақстанда клиринг палатасының функцияларын ҚРҰБ берген лицензияның негізінде Қазақстан Банкаралық Есеп айырысу орталығы орындайды. 1995 жылдан бастап ҚБЕО клиринг палатасы ретінде жергілікті облыстық клирингті жүзеге асырды, онда оның пайдаланушылары клирингтің басқа қатысушыларына дебеттік және кредиттік шектеулерді күнделікті ұсынып отырды. Ондағы тәуекелдердің құрылу принциптері мен басқару жүйесі екінші деңгейдегі банктердің аздаған санымен ғана қатысушылардың шеңберін шектеді. Алайда банк жүйесіндегі қажеттіліктің өсе

түсуі Қазақстанның барлық аймақтары мен қаржы мекемелері үшін ашық клиринг құру қажеттігіне алып келді.

1999 жылы ҚРҰБ екінші деңгейдегі банктер филиалдарының корреспонденттік шоттарын ҚРҰБ-нің орталық аппаратына аударуды жүзеге асырды, сонымен бірге аймақтық клиринг палаталары жабылды, олардың функциялары ҚБЕО-ға берілді. Жаңа клирингтік жүйе Қазақстанның барлық банктері мен банктік емес ұйымдарын, оған қоса Қазынашылықты, зейнетақы қорларын және басқаларды қосуға мүмкіндік берді. Жаңа клирингтің жағымды жақтары: алдағы күнмен валюталау арқылы жұмыс істеу мүмкіндігі (төлемдерді алдағы үш күнге есептеу күнімен қалыптастыруға болады), түпкілікті есеп айырысу уақытына дейін төлемдерді қайтарып алу, MT102 хабарламалар форматын өңдеу болып табылады.

БТЖ-де ұсақ жедел емес төлемдер жүзеге асырылады. БТЖ-де 3 млн. теңге мөлшеріндегі бір төлемнің ең көп сомасына лимит белгіленген. Осы лимиттен асып кеткен жағдайда төлемді орындаудан бас тартылады. Бұл БТЖ-нің БААЖ тарифтерінен төмен төлем тарифтерінің ұсақ төлемдерін жүзеге асыратынына байланысты (бір төлем тапсырмасы үшін 9-22 теңге).

2002 жылы БТЖ-дегі төлемдердің орташа күндік саны мен сомасы 2,7 млрд. теңге сомасына 33 534 төлем болды.

3.3.1 Жүйенің қатысушылары

Республикалық банкаралық клиринг жүйесін пайдаланушылар ҚБЕО-мен клиринг жөнінде қызмет көрсету туралы шарт жасасқан банктер және басқа қаржы мекемелері болуы мүмкін.

2002 жылдың аяғында БТЖ-ны пайдаланушылар саны 51, оларды 27 екінші деңгейдегі банктер, 17 Қазынашылықтың облыстық басқармалары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Кастодиан банк (ҚҰБ-нің МОД), Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталық, «Қазпочта» ААҚ, басқа да банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және «Тимей» ҚӨК ЖШС құрайды.

